



# THE OXUS SOCIETY FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS



## ҚАЗАҚСТАНДЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУ: ӨНДІРУШІ ҚАЛАЛАР МЕН ӨҢІРЛЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

*МӘДИНА ЖҮНІСОВА, ЗАРИНА АДАМБОСЫНОВА,  
АЛЕКСАНДР ДАЙНЕР*

# ҚАЗАҚСТАНДЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУ: ӨНДІРУШІ ҚАЛАЛАР МЕН ӨҢІРЛЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

## Авторлар:

*Мәдина Жүнісова, Орталық Азия университеті,  
CERGE-EI қорының стипендиат-оқытушысы*

*Зарина Адамбосынова, Орталық Азиядағы Америка  
университеті, Қазақстан*

*Александр Дайнер, Канзас университеті, АҚШ*



**THE OXUS SOCIETY**  
FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS




ҚАЗАҚСТАНДЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУ:  
ӨНДІРУШІ ҚАЛАЛАР МЕН ӨҢІРЛЕРДІҢ  
БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?



## ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Осы қысқаша талдамалық жазбаның мақсаты – көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің жаңа қазақстандық саясаты елдің өндіруші қалалары мен өңірлеріне қалай әсер ететінін бағалау. Жүргізілген сараптамалық сұхбаттардың нәтижелерін талдау негізінде оқиғалар дамуының үш ықтимал нұсқасы ұсынылады. Осы нұсқалардың ықтимал оң және теріс экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдарларын салыстыру арқылы Қазақстанның өндіруші қалалары мен өңірлерін тұрақты дамуға қол жеткізу мүмкіндігін ескере отырып, декарбонизациялауға дайындау жөніндегі іс-әрекеттер жоспары ұсынылады. Зерттеу АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің қаржылық қолдауымен The OXUS Society for Central Asian Affairs (АҚШ) – The Kazakhstan Futures Programme (қаңтар-қыркүйек 2023) бастамасы шеңберінде жүргізілді.



**ҚАЗАҚСТАНДЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУ:  
ӨНДІРУШІ ҚАЛАЛАР МЕН ӨҢІРЛЕРДІҢ  
БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?**



THE OXUS SOCIETY  
FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS

## КӨМІРТЕКТІ БЕЙТАРАПТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МӘСЕЛЕСІ


Климаттың өзгеруінің теріс әсерін жеңілдету және тұрақты дамуға қол жеткізу үшін Қазақстан декарбонизация жөніндегі жаһандық қозғалысқа белсенді қосылуда. 2013 жылы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жарлығымен «Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасын» бекітті<sup>1</sup>, ал 2016 жылы Қазақстан Климаттың өзгеруі жөніндегі Париж келісімін ратификациялады<sup>2</sup>. 2023 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «2060 жылға дейін көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясын» (бұдан әрі – Декарбонизация стратегиясы) бекітті, онда «қазба отын өндірісін айтарлықтай қысқарту қажет» деп көрсетілген. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасы көмірсутекті және басқа да минералдық ресурстарды өндіру мен сатудан алынатын пайдаға айтарлықтай дәрежеде тәуелді. 2020 жылғы мәліметтер бойынша, отын-энергетикалық ресурстарды өндіру шикі мұнай жағдайында тұтынудан 5 есе көп (1-сурет). Тиісінше, ел алдында экономикалық және әлеуметтік тепе-теңдікті сақтай отырып, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша күрделі міндет тұр. Бұл, әсіресе, елдің өндіруші қалалары мен өңірлеріндегі әлеуметтік шиеленістің өсуіне байланысты өте маңызды болып табылады. Мысалы, соңғы уақытта екі өндіруші қала, Жаңаөзен мен Екібастұз көмірсутек ресурстарын өндіруге тәуелді болуына байланысты ел халқының назарында болды. Егер елді жылу және энергиямен қамтамасыз етуші көмір өндіру орталығы Екібастұз өзінің ескіріп, тозған және жұмыс істемейтін жылумен жабдықтау инфрақұрылымымен әйгілі болса, газ өндіру орта-

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығы. Мына дереккөзден жүктелді: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000577>

<sup>2</sup> «Париж келісімін ратификациялау туралы» 2016 жылғы 4 қарашадағы № 20-VI Қазақстан Республикасының Заңы. Мына дереккөзден жүктелді: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000020>

лығы және елді газбен қамтамасыз етудің маңызды торабы болып отырған Жаңаөзен жұмысшылардың табыс деңгейіне және өндіруші сектордағы жұмыс орындарынан айырылуына қатысты наразы болғандығынан әйгілі болды.

**1-сурет. Отын-энергетикалық ресурстарды жалпы тұтыну және өндіру, %**



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. Энергетика және тауар нарықтарының статистикасы. Энергетикалық баланс. 2023 жылы 12 сәуірде мына дереккөзден жүктелді: <https://old.stat.gov.kz/official/industry/30/statistic/8>

Сараптамалық сұхбаттардың нәтижелері көрсеткендей, елдегі декарбонизация процесі климаттың өзгеруі туралы халықаралық күн тәртібіне сәйкес, 2015 жылғы Париж келісімі және 2020 жылғы климаттың өзгеруіне байланысты өршіл міндеттер Саммиті сияқты тұрақты даму стратегияларына қатысты халықаралық қоғамдастықтың сұраныстары мен жаһандық трендтерді қанағаттандыруға бағытталған<sup>3</sup>. Елдің ұлттық және өңірлік саясатына қатысты шешім қабылдайтын Үкімет адамдары арасында да көміртегі бейтараптығына қол жеткізу қажеттілігін бойынша да бірыңғай және толықтай түсінік жоқ<sup>4</sup>. Барлық елдер Ресейге қарсы экономикалық санкциялар қолданып жатқан кезде, Қазақстан онымен инфрақұрылымдық мағынада да (Ресейдің оңтүстік өңірлерінің жылу және энергия

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясының кіріспесін қараңыз. Дереккөз алдыңғы беттегі 3 сілтемеде көрсетілген.

<sup>4</sup> Ұлттық басқару деңгейінің өкілдерімен сұхбат, 2023ж. наурыз-сәуір.



жүйелері Екібастұз көміріне тәуелді), саяси мағынада да (Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың және басқа да екі елді өзара міндеттемелермен байланыстыратын интеграциялық бірлестіктер бөлігі) тығыз энергетикалық байланыста болуы, сондай-ақ бұл реформалардың геосаяси дағдарыс аясында іске қосылып жатқаны да маңызды факт. Оның үстіне, бұл, Қазақстанның газды жеке мақсаттары үшін пайдалануды арттыруы, Орталық Азия ресурстарына қол жеткізу үшін газ құбырларын салуға қомақты инвестиция салған басқа өңірлік держава – Қытаймен қақтығыс тудыруы мүмкін.<sup>5</sup>

Көміртек бейтараптығына қол жеткізу мүмкіндігі ретінде декарбонизация стратегиясы электр энергетикасы секторында көмірден бас тартуды газға көшірудің пайдасына қарай қарастырады. Қазақстанның энергетикалық секторы елдегі парниктік газдар шығарындыларының ең ірі көзі болып табылады: 2020 жылғы көрсеткіш – 77,6% немесе 272,5 млн тонна.<sup>6</sup> Бұл ретте елде көмірмен жылыту және электр энергетикасының басым екенін атап өту маңызды. Мысалы, 2020 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың жалпы шығыны 65,7 миллион тонна мұнай эквивалентін құрады, мұнда көмір 50%-ды және табиғи газ 31%-ды құрайды (2-сурет). Оның үстіне, елде газ өндіру әзірге өндіруші компаниялардың өздері үшін де, коммуналдық қызметтерді пайдаланушы қарапайым адамдар үшін де қымбат.<sup>7</sup> Сондай-ақ, декарбонизация стратегиясы көміртегі ресурстарын өндіру көлемін және «әлеуметтік әділеттілікті» азайту қажеттілігін мәлімдейді. Алайда, құжатта өндіру көлемінің төмендеуінің өндіруші қалалар мен өңірлерге, кәсіпорындар мен олардың қызметкерлеріне тигізетін әсерінің ықтимал салдарларына жүргізілген талдау және бағалау жоқ. Сонымен бірге бұл жағдайда өңірлік және қалалық деңгейлерде «әлеуметтік әділеттілікке» қалай қол жеткізуге болатындығы туралы да


<sup>5</sup> Bradshaw, M. and Waterworth, A. (2020) China's dash for gas: local challenges and global consequences, *Eurasian Geography and Economics*, 61:3, 266-304, DOI: 10.1080/15387216.2020.1716819

<sup>6</sup> Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясының кіріспесін және бөлімін қараңыз. Дереккөз алдыңғы беттегі 3 сілтемеде көрсетілген.

<sup>7</sup> Үкіметтік емес ұйым және халықаралық консалтингтік агенттік өкілдерімен сұхбат, 2023ж. сәуір-мамыр.

толық мәлімет жоқ. Мұның үстіне, елде жекелеген облыстар, сондай-ақ елдің ірі және шағын қалалары арасындағы өңірлік теңсіздік деңгейі өсуде.<sup>8</sup>

**2-сурет. 2020 жылы отын-энергетикалық ресурстарды жалпы тұтынудың құрылымы, %**



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. Энергетика және тауар нарықтарының статистикасы. Энергетикалық баланс. 2023 жылы 12 сәуірде мына дереккөзден жүктелді: <https://old.stat.gov.kz/official/industry/30/statistic/8>

## ДЕКАРБОНИЗАЦИЯ МӘСЕЛЕСІНЕН ӨҢІРЛІК ДАМУ МӘСЕЛЕСІНЕ ШОЛУ

Декарбонизация стратегиясы 2060 жылға қарай «әл-ауқат, тұрақты экономикалық өсу және әділ әлеуметтік прогресс үшін экономиканы өзгерту» сияқты бірқатар өршіл мақсаттар қояды.<sup>9</sup> Алайда, бұл мақсаттардың өңірлік саясаттың өзгеруіне қалай бағытталатыны әлі белгісіз. Елдің өңірлік ерекшеліктері мен экономикалық, энергетикалық және экологиялық мәселелері, әсіресе, өндіруші қалаларда ескеріле ме? Қазақстанның өндіруші қалалары 1950-60 жылдардағы кеңестік

<sup>8</sup> Азия Даму Банкі. (2021). Қазақстандағы өңірлік теңсіздікті зерттеу. Мына дереккөзден жүктелді: <https://www.adb.org/sites/default/files/project-documents/54093/54093-001-tacr-ru.pdf>

<sup>9</sup> Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясының кіріспесін қараңыз. Дереккөз 3-беттегі 3 сілтемеде көрсетілген.



**ҚАЗАҚСТАНДЫ ДЕКАРБОНИЗАЦИЯЛАУ:  
ӨНДІРУШІ ҚАЛАЛАР МЕН ӨҢІРЛЕРДІҢ  
БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?**



индустрияландыру мен урбанизациялау өнімі екенін атап өткен жөн. Мұндай қалалар мен жұмысшы елді мекендердің дизайны тек ресурстарға тәуелділікке және пайдалы қазбалар, кен орындарына қызмет көрсетуге бағытталған, соның салдарынан олар «моноқалалар» деген атауға ие болды. Дәл осы өндіру жұмыстарына біржақты тәуелділік мұндай қалаларды сыртқы және ішкі дағдарыстарға қарсы мейлінше осал етті. Қазақстанның минералдық ресурстар қоры таусылып, өндіру процесі тоқтаған көптеген қалалары, бұрынғы өндіруші инфрақұрылымды тиісті түрде қалпына келтірмеу және тазартпау салдарынан елеулі экономикалық, әлеуметтік және тіпті экологиялық проблемаларға тап болуда<sup>10</sup>. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындары бар өндіруші қалалар елеулі экологиялық проблемалардан, халықтың денсаулығының нашарлауынан, экономикалық белсенді халықтың кетуінен, әлеуметтік теңсіздіктен және экономикалық іс-әрекеттің төмен әртараптандырылуынан зардап шегуде<sup>11</sup>. Қала инфрақұрылымының тозуы Қазақстанның моноқалаларында қайта-қайта техногендік сипаттағы авариялар мен төтенше жағдайлардың туындауына алып келеді, мысалы, 2023 жылы Екібастұз бен Риддерде болған ЖЭО авариялары.

2011 жылы, мемлекеттің Жаңаөзендегі алғашқы оқиғалардан кейін өндіруші қалаларды құтқару жөніндегі реактивті әрекеттері алдымен, жеке салалық «Моноқалаларды дамыту жөніндегі бағдарлама – 2020» шеңберінде<sup>12</sup>, ал кейінірек оны «Өңірлерді дамыту бағдарламалары – 2020-2025» құрылымына біріктіру арқылы жасалды<sup>13</sup>. Қалалардың инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған елеулі инвестицияларға қарамастан, қалалар

<sup>10</sup> Atakhanova, Z., Azhibay, S. Assessing economic sustainability of mining in Kazakhstan. *Mineral Economics* (2023). <https://doi.org/10.1007/s13563-023-00387-x>

<sup>11</sup> Үкіметтік емес ұйым және халықаралық консалтингтік агенттік өкілдерімен сұхбат, 2023ж. сәуір-мамыр.

<sup>12</sup> «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы №683 қаулысы. Мына дереккөзден жүктелді: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000683>


<sup>13</sup> «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №990 қаулысы. Мына дереккөзден жүктелді: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000990>



жоспарлау процесіне қатысудың кейбір мүмкіндіктеріне ие болды, бірақ олардың негізгі проблемасын – өндіруші ресурстарға тәуелділікті сол күйі шешу мүмкін болмады<sup>14</sup>. Ірі қала агломерациясын дамытуға басымдық беретін өңірлік саясат экология, қалалық инфрақұрылымды дамыту және өндіруші қалалар мен өңірлердің жергілікті тұрғындарының тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігі мәселелерін тиісті назардан тыс қалдырды. Барлық қабылданған мемлекеттік реформалар «жоғарыдан төменге» қағидаты бойынша әзірленіп, өз күн тәртібіне халықпен және басқа да жергілікті стейкхолдерлермен (облыстық және қалалық әкімдіктермен және мәслихатпен, бизнес-құрылымдармен және азаматтық қоғам өкілдерімен) диалог орнатуды, сондай-ақ осындай қалалардың тұрақты дамуын қолдау жөніндегі нақты және барабар тетіктерді әзірлеуді енгізбеді.

Өміршең өңірлік саясаттың болмауына және өндіруші қалалар мен өңірлердің декарбонизацияға көшуге дайындығына байланысты көміртегі бейтараптығына қол жеткізу Қазақстанның қалалары мен өңірлеріндегі экономикалық және әлеуметтік ахуалдың айтарлықтай нашарлауына әсер етуі мүмкін екені белгілі болуда. Атап айтқанда, көмірден газға ауысу елдің кейбір аймақтарында орын алып отыратын әлеуметтік шиеленістің кезекті себебі болуы мүмкін, бұған 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар дәлел бола алады. Өндірудің төмендеуі және кәсіпорынның жабылуы жұмыссыздықтың өсуіне және экономикалық дағдарысқа әкелуі мүмкін. Жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, әзірге елде стратегияны қалай іске асыруға және Қазақстанның өндіруші өңірлері мен қалаларының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болатындығы туралы нақты көзқарастың жоқтығы белгілі болады. Осыған байланысты зерттеулер жүргізу және баламалы болашақ пен оны Қазақстанның осындай қалалары мен өңірлері үшін құру жолдарын жүйелі іздеу қажеттілігі туындайды.

<sup>14</sup> Junussova M., and Bemisheva A. (2020). Monotowns of Kazakhstan: Development Challenges and Opportunities. In A. Koulouri & N. Mouraviev (Ed.), Kazakhstan's development journey: Entrenched paradigms, achievements and the challenge of global competitiveness. London: Palgrave Macmillan.



## ӘДІСНАМА

Бұл зерттеуде қолданыстағы саясатқа шолу және ресми статистикаға талдау жасалады, сонымен қатар мәселені тереңірек зерттеу үшін сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтқанда, ақпаратты жинау үшін негізгі құрал ретінде Қазақстан мен Канаданың экономиканы әртараптандыру, өңірлік даму және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу саласындағы ұлттық үкімет өкілдерімен және тәуелсіз сарапшылармен сараптамалық (жартылай құрылымдалған) сұхбат әдісі пайдаланылды (1-қосымша, 1-кесте). Барлық сарапшыларға жоба туралы ақпарат пен шақыру қағаздары алдын ала жіберілді. Сұхбат басталғанға дейін барлық сарапшылар сұхбат нәтижесінде алынған деректерді тек зерттеу мақсатында жасырын пайдалануға ауызша ақпарат алу арқылы келісімдерін берді. Сараптамалық сұхбаттар Zoom бағдарламасы арқылы онлайн режимінде жүргізілді. Сарапшыларға арналған сауалнама Қазақстанның өндіруші қалалары мен өңірлерін дамытудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемаларына бағытталды.

## ОҚИҒАЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ЫҚТИМАЛ НҰСҚАЛАРЫ

### *Нөлдік сценарий: декарбонизация стратегиясы іске асырылмайды*

Бірінші нұсқа ретінде нөлдік сценарий қарастырылады, онда декарбонизация стратегиясы тиісті іске асыру деңгейіне ие болмайды. Сараптамалық сұхбаттардың нәтижелері Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың ұлттық және жергілікті деңгейлерінде шешім қабылдаушылар арасында елде декарбонизацияның қажеттілігі туралы нақты және бірыңғай түсініктің жоқ екенін көрсетті.<sup>15</sup> Сондай ақ елде декарбонизация стратегиясын іске асыру мүмкіндігіне қатысты белгілі бір күмәншілдік басым.<sup>16</sup> Сарапшылардың айтуынша, елдің қазіргі нақты жағдайында көмірден газға ауысу қажетті инфрақұрылымның болмауына байланысты мейлінше қиын болады.<sup>17</sup>


Сарапшылар күрделі геосаяси жағдай және Ресей мен Қытай тарапының энергетикалық, оның ішінде Қазақстанның көмірсутек ресурстарын алуға қатысты мүдделерін ескере отырып, билік өкілдері экономиканың көміртегі секторында өндіру деңгейін төмендетуге бағытталған елеулі шараларды іске асыруды қолдамайды деп санайды. Сонымен қатар, сарапшылар әлеуметтік шиеленістің өсуі энергетика секторының дамуына қатысты шешуші қадамдардың болмауымен тікелей байланысты екенін атап көрсетеді.<sup>18</sup> Олардың пікірінше, елде көмір мен мұнайдың орнына негізгі отын ретінде пайдалану үшін жеткілікті газ қоры жоқ.

<sup>15</sup> Декарбонизациямен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023ж. наурыз.

<sup>16</sup> Үкіметтік емес ұйымның талдаушысымен сұхбат, 2023ж. сәуір.

<sup>17</sup> Өңірлік дамумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023ж. наурыз.

<sup>18</sup> Үкіметтік емес ұйымның талдаушысымен сұхбат, 2023ж. сәуір.



Әлеуметтік шиеленістің өсуіне ден қоя отырып, мемлекет өзінің өндіруші өнеркәсіпте жұмыспен қамтуды қолдау үшін энергетикалық секторды дамытуды субсидиялау саясатын жалғастырады. Осыған байланысты сарапшылар тиімсіз тарифтік саясат пен баға белгілеу сақталады, түпкілікті тұтынушылар үшін энергетика тарифтерін жасанды реттеу жалғасады деп болжайды.<sup>19</sup>

Ұлттық үкіметтің жергілікті басқару органдарына деген сенімі төмен болғандықтан, өндіруші қалалар қаржы ресурстарына қол жеткізуге және энергетикаға салық салу мен тарифтер белгілеу бойынша шешімдер қабылдауға қатысты тәуелсіздік пен дербестікке ие болмайды.<sup>20</sup> Тиісінше, өндіруші қалалар ешқашан өз бюджеттерін толықтыра алмайды және қалалық инфрақұрылымды уақтылы жаңарту мен оған қызмет көрсету үшін жергілікті қаржыландыруды пайдалана алмайды. Сондай-ақ өндіруші қалалардың тұрғын үй және коммуналдық инфрақұрылымын дамытудың мемлекеттік инвестициялау үшін басымдыққа айналмау қаупі бар, бұл оның одан әрі тозуына және техногендік апаттар мен авариялардың жаңа жағдайларын тудыруына әкелуі мүмкін.<sup>21</sup>

Дегенмен, сарапшылардың пікірінше, көміртегі ресурстарын өндіретін қалалар мен өндіруші өнеркәсіп саласындағы жұмыспен қамтушылық халықтың кейбір санаттары үшін тартымды болып қала береді, адамдар мұнда үлкен табыс табу үшін басқа аймақтар мен елдерден көшіп келеді.<sup>22</sup> Сонымен қатар, өндіруші кәсіпорындардың жұмысын цифрландыру мен оңтайландырудың іске қосылған процесі адам еңбегіне сұраныстың төмендеуіне әсер етеді және біліктілігі төмен халықтың (жұмысшылардың)

<sup>19</sup> Халықаралық консалтингтік агенттіктің талдаушысымен сұхбат, 2023ж. мамыр.

<sup>20</sup> Junussova M., Maulsharif M., & Soltymbaeva S. (2022). Sustainable infrastructure development in Central Asian cities [Орталық Азия қалаларында тұрақты инфрақұрылымды дамыту]. NARXOZ University: Central Asian Economic Review 5(146), pp. 53–67. DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-5-53-67> (in Russian), 58-бет.

<sup>21</sup> Қаланы дамытумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023ж. наурыз.

<sup>22</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023ж. наурыз.

арасында болмашы болса да, өсіп келе жатқан жұмыссыздыққа әсер етеді деп күтілуде.<sup>23</sup>

Сондай-ақ, өндіру үшін минералды қорларын тауысқан кейбір өндіруші қалалар әртараптандыру міндетін өз бетінше шешеді, сол себепті жаңа өңірлік саясатқа кірмейді деп күтіледі. Бұған дейін моноқалалар мен өңірлік даму бағдарламасы шеңберінде жасалғандай, ұлттық үкімет өкілдері жеке бизнеспен «жоғарыдан төменге» қағидаты бойынша серіктестікке сенуді жалғастыруда және өндіруші кәсіпорындар қалаларды әртараптандыруға көмектесуі тиіс деп есептейді.<sup>24</sup> Бұл ретте ұлттық басқару өкілдері Саран қаласында автобустар мен шиналар өндірісінің пайда болуы сияқты бірлі-жарым жағдайларға сүйенеді.<sup>25</sup> Шенеуніктер егер кейбір өндіруші қалалар, мысалы, Арқалық сияқты боксит қоры таусылған бұрынғы моноқала жұмысшыларды жұмысқа орналастыру міндетін шешсе, онда басқалары да солай істей алады деп болжайды.<sup>26</sup> Арқалықтағы ERG өндіруші компаниясы жұмысшыларды Ақтөбе, Қостанай және Павлодар облыстарында орналасқан компанияның басқа жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарына жұмысқа орналастырды, кейбір қызметшілер қайта оқытудан өтті, ал басқалары ақшалай жақсы өтемақы алды.

Бұл ретте барлық сарапшылар өндіруші қалалар мен өңірлерді е одан әрі оқшаулау және аздыру, өңірлік теңсіздік пен кедейліктің өсуі, бейресми экономика мен әлеуметтік шиеленістің, наразылық көңіл-күйдің ұлғаюы, сондай-ақ өмір сүру деңгейінің төмендігі мен экологияның нашарлауына байланысты халықтың үдере кету үрдісі күтілетінін түсінеді. Алайда ұлттық билік өкілдерінің пікірінше, бұл мәселелерді өндіруші қалалардың экологиясы мәселесі сияқты дамуды реттеу, бақылауды күшейту және қатаң стандарттарды енгізу арқылы тез шешуге болады.<sup>27</sup>


<sup>23</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. наурыз.

<sup>24</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. сәуір.

<sup>25</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. сәуір.

<sup>26</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. сәуір.

<sup>27</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. сәуір.



## ***Экстремалды сценарий: декарбонизация стратегиясы өңірлік саясатқа бейімделмей-ақ «жоғарыдан төмен» белсенді түрде іске асырылады***

Оқиғаларды дамытудың екінші нұсқасы «жоғарыдан төмен» жоспарланғандай, бірақ елдің өңірлік саясатын қолдайтын реформаларсыз декарбонизация стратегиясын белсенді жүзеге асырумен байланысты. «Самұрық Қазына» ұлттық компаниясы өзінің декарбонизация стратегиясында бірнеше даму сценарийлерін бағалайды және терең декарбонизация сценарийіне назар аударуды ұсынады.<sup>28</sup> Өңірлік саясат деңгейінде, барабар шараларсыз декарбонизация стратегиясын іске асырудың әлеуетті мүмкіндігін сарапшылар елде ұлттық саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысты ведомствоаралық үйлестірудің әлсіз екендігімен түсіндіреді.<sup>29</sup> Көмірден бас тартудың ел экономикасына әсерін бағалаумен айналысатын сарапшылар декарбонизация стратегиясын жүзеге асырудан күтілетін экологиялық әсер оң болады деп келіседі.<sup>30</sup> Алайда, олар өндіруші қалалардың экологиясы мен өнеркәсіптің осы қалаларда тұратын халықтың денсаулығына әсері туралы егжей-тегжейлі статистиканың болмауына байланысты әсерді бағалау қиын екенін айтады.

Декарбонизацияның кейбір ережелері қазірдің өзінде жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы арқылы іске қосылды, мысалы, жаңа экологиялық кодекс бекітілді<sup>31</sup>, соған сәйкес елде көміртекті квоталау шарасы енгізіледі (289-бап). Көміртегі квотасы дегенде белгілі бір уақыт аралығында билік белгілеген квота берілетін парниктік газдар шығарындыларының сандық көлемі түсініледі, бұл өндіруші және энергетикалық компаниялардың өкілдерін белгілі бір шатасушылыққа алып келеді. Қазақстан баламалы энергия көздерін де белсенді дамытуда. Алайда «таза энергия» деп

<sup>28</sup> Самұрық -Қазына. (2022) «Самұрық-Қазына» АҚ Төмен көміртекті даму тұжырымдамасы. Мына дереккөзден жүктелді: [https://sk.kz/investors/financial-performance/reports/low-carbon\\_development\\_concept\\_ru.pdf](https://sk.kz/investors/financial-performance/reports/low-carbon_development_concept_ru.pdf)

<sup>29</sup> Үкіметтік емес ұйымның талдаушысымен сұхбат, 2023 ж. сәуір.

<sup>30</sup> Халықаралық консалтингтік агенттіктің талдаушысымен сұхбат, 2023ж. мамыр.

<sup>31</sup> Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (2023 ж. 1 мамырдағы нұсқасы). Мына дереккөзден жүктелді: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39768520](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39768520)

аталатын барлық нәрсе орталықтандырылған және ортақ желіге біріктірілген, бұл оның тиімділігін төмендетеді және осы «таза энергияны» өндіру көздеріне жақын орналасқан пайдаланушылар үшін «арзан энергияны» пайдаланудан пайда табуды қиындатады.<sup>32</sup>

Сарапшылар көмірсутек ресурстарын өндіретін батыс және солтүстік өңірлер мен баламалы энергетиканы дамыту әлеуеті бар оңтүстік өңірлер арасында теңсіздіктің өсуі мүмкін екенін атап өтеді. Газдың құны халықтың сатып алу қабілетінен асып түсетін елдің кейбір аймақтарының тұрғындары арасында «энергетикалық кедейліктің» өсуі қаупі бар.<sup>33</sup> Сонымен қатар, білікті еңбектің тапшылығы байқалатын болады, тіпті бір кездері көмір өндірумен айналысқандардың барлығын баламалы энергетика саласында жұмыс істеуге қайта даярласаңыз да, адам ресурстары бәрібір жетіспейтін болады.<sup>34</sup>

Өндіруші қалалар өмір сүру сапасының төмендігіне және аймақтар арасындағы даму алшақтығының артуына байланысты наразы көңіл-күйдің өсуі мүмкін болатын әлеуметтік шиеленіс орындары болып қала береді. Мәселен, сарапшылардың бірі Жаңаөзен бойынша жаңа зерттеулердің бірінің нәтижелерімен бөлісіп, халықтың ұялы байланыс сапасын, сауда, жұртшылықты тамақтандыру желілерінің, қаржы және дайын қызмет көрсету секторының жұмысын барынша жоғары бағалайтындығына назар аударды, бірақ тұрғындар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, медициналық, білім беру, қоғамдық көлік және қаланы абаттандыру қызметтері сияқты мемлекеттік қызметтерді бәрінен төмен бағалады.<sup>35</sup>

Көміртегі отыны көлемінің азаюына байланысты өңірлер мен қалаларда экономикалық дағдарыс, жұмыс орындарынан айырылу, жергілікті

<sup>32</sup> Temirgaliyeva, N., and Junussova, M. (2020). Renewable Electricity Production and Sustainability of the National and Regional Power Systems of Kazakhstan. *Silk Road: A Journal of Eurasian Development* 2(1), pp. 35–53. DOI: <https://doi.org/10.16997/srjed.15>

<sup>33</sup> Халықаралық консалтингтік агенттіктің талдаушысымен сұхбат, 2023 ж. мамыр.

<sup>34</sup> Халықаралық консалтингтік агенттіктің талдаушысымен сұхбат, 2023 ж. мамыр.

<sup>35</sup> Үкіметтік емес ұйымның талдаушысымен сұхбат, 2023 ж. сәуір.



бюджетке түсімнің төмендеуі, кедейшіліктің өсуі және ірі қалаларға көшіп кету жағдайлары күтілуде.<sup>36</sup> Оның үстіне сарапшылар еліміздің инфрақұрылымы ішкі мигранттарды қабылдауға және барлығын жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге дайын емес Алматы сияқты ірі қалаларының инфрақұрылымына жүктеменің артқанын атап өтеді.<sup>37</sup>

Солай бола тұрса да, өңірлік саясат урбанизацияның табиғи процестерін қолдауға және ірі қалалардың өсуіне бағытталаып қала береді. Ұлттық үкімет өкілдері өндіруші қалалардан халықтың кетуін қолдауға дайын.<sup>38</sup> Осылайша, билік моноқалалардың тұрғындарын көшіру тіпті оларды қайта оқытудан гөрі ең жақсы шешім болуы мүмкін деп болжап, өздері үшін тәуекелдерді азайтқысы келеді.<sup>39</sup> Сұхбат нәтижелері ұлттық билік өкілдері осы кезеңде декарбонизация стратегиясын іске асыру процесіне қатысудың үлкен қажеттілігін көрмейтінін көрсетті. Өңірлердің байланысын жақсарту және бекітілген стандарттарға сәйкес базалық қызметтерге қол жетімділікті ұсынуда біркелкілікті құру басымдық болып табылады.<sup>40</sup> Өңірлік саясат мемлекеттің пікірінше, ірі, орта және шағын қалалар халқының қол жеткізуі тиіс нәрсені реттеуге және нормалауға бағытталған. Билік тұрғысынан барлық жерде бірдей жағдайлар жасалғаннан кейін ғана өндіруші қалалар мен өңірлердің мәселелерімен жеке айналысуға болады.

### ***Рационалды сценарий: декарбонизация стратегиясы өңірлік саясатты күшейту және әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу арқылы біртіндеп іске асырылады***

Үшінші сценарий өңірлік саясатты күшейту және оны ресурстарды орталықсыздандыруға бағыттау, экономиканы әртараптандыру процесіне жергілікті халық пен бизнесті тарту және елдің өндіруші (және басқа)

<sup>36</sup> Қаланы дамытумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. наурыз.

<sup>37</sup> Қаланы дамытумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. наурыз.

<sup>38</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. сәуір.

<sup>39</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. сәуір.

<sup>40</sup> Өңірлік саясатпен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. сәуір.



қалалары мен өңірлеріндегі өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жергілікті басқару органдарының рөлін күшейту арқылы декарбонизация стратегиясын іске асыруды білдіреді. Сарапшылар өңірлік саясатты жақсартудың маңыздылығын атап өтті.<sup>41</sup> Сарапшылардың пікірінше, жеке-леген өндіруші қалалар мен өңірлердің ерекшеліктеріне назар аудара отырып, декарбонизация стратегиясын бейімдеуді және оны іске асыруды белсенді талқылауды жалғастыру маңызды.<sup>42</sup> Сарапшылар сонымен қатар өндіруші қалалар мен өңірлерді декарбонизацияға көшуге стратегиялық дайындаудың және олардың экономикалық белсенділігін әртараптан-дыруды ынталандырудың қажеттілігін атап өтеді.<sup>43</sup> Декарбонизация стратегиясын әзірлеушілер өңірлік саясат арқылы декарбонизация стратегиясын одан әрі жүзеге асыру туралы өз көзқарастарымен былайша бөлісті: «Келесі қадам – оны іске асыру бойынша жол картасын әзірлеу болуы тиіс, қазірдің өзінде декарбонизация бойынша өңірлік, салалық немесе қалалық қандай да бір стратегиялардың әзірлемелері жазылды».<sup>44</sup>

Сарапшылардың пікірінше, декарбонизация стратегиясын толыққанды іске асыру үшін ұлттық үкімет өңірлік және жергілікті деңгейдегі билік өкілдерінің қолдауына ие болуы керек. Жергілікті билік жергілікті ерекшеліктерді, жағдайларды және инфрақұрылымдық мүмкіндіктерді жақсы біледі, оларға жергілікті халық сенім артады және оларға халықпен диалог орнату оңай. <sup>45</sup>Билікті орталықсыздандыру дегеніміз – Қазақстан саясаты үшін қандай да бір жаңа нәрсе емес. Сарапшылар атап өткендей, елде жергілікті деңгейде дербес басқару органдарын қалыптастыру үшін жағдайлар жақсаруда: «(...) олар нақ осы жергілікті бюджеттерді нығайтуға, жергілікті билікті күшейтуге, көптеген мәселелерді жергілікті деңгейде шешуге, оның ішінде өзін-өзі басқаруға бейілді».<sup>46</sup> Бұл ретте сарапшылар

<sup>41</sup> Қаланы дамытумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. наурыз.

<sup>42</sup> Халықаралық консалтингтік агенттіктің талдаушысымен сұхбат, 2023 ж. мамыр.

<sup>43</sup> Үкіметтік емес ұйымның талдаушысымен сұхбат, 2023 ж. сәуір.

<sup>44</sup> Декарбонизациямен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. наурыз.

<sup>45</sup> Қаланы дамытумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. наурыз.

<sup>46</sup> Қаланы дамытумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023 ж. наурыз.



бюджетаралық өзара іс-қимылды және фискалды орталықсыздандыруды жақсарту қажеттігін атап көрсетеді: «Кәсіпорын осы қалада жұмыс істей алады, бірақ салықтар, олар республикалық бюджетке немесе облыстық бюджетке түсуі мүмкін, тиісінше мұнда дербестік (...) болуы үшін өңірлік саясаттың бір бөлігі ретінде фискалды орталықсыздандыру туралы ойлану қажет».<sup>47</sup>

Жергілікті деңгейде биліктің күшеюі өндіруші қалаларға жаңа және балама дамуға мүмкіндік беретін лайықты көшбасшыларды ынталандыру, тәрбиелеу және сайлау арқылы заңнамалық жағдайларды жақсартумен қатар жүруі тиіс. Сарапшылардың бірі көшбасшылықтың маңыздылығын жергілікті басқару органдары шешім қабылдауға қатысты көбірек еркіндікке ие болғанын, салық жүйесі басқа болғанын, сол кезде жұмыс істеген әкімнің не істегенін Лисаковск (2002) мысалы арқылы келтірді:

Рау не істеді? Ол, біріншіден, еркін экономикалық аймақ құрды, екіншіден, үлкен бизнес-орталығын құрды, әр түрлі жобаларды тарта бастады, онда сыра зауыты да, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және өңдеу зауыты да, құрғақ сүт өндірісі де бар. Оған сүтті фермалардан, өңдеу үшін тек осы облыстан емес, айналадағы барлық облыстардан да әкеле бастады... Ол осы бизнес-орталықта шартты түрде бір теңгеден тегін жалға алуды ұсынды».<sup>48</sup>

Жергілікті басқару органдары сонымен қатар өндіруші кәсіпорындардың өкілдерімен өзара тиімді диалог орнатуда және оларды технологияны жетілдіру арқылы жергілікті декарбонизация процесіне тартуда шешуші рөл атқара алады. Жаһандық климаттық рейтингтегі өз орындарымен айналысатын өндіруші компаниялар ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу үшін белсенді жұмыс істеуде.<sup>49</sup> Компаниялар серіктестік құруда, мысалы, «Шеврон» және «ҚазМұнайГаз» компаниялары көміртекті

<sup>47</sup> Үкіметтік емес ұйымның талдаушысымен сұхбат, 2023ж. сәуір.

<sup>48</sup> Қаланы дамытумен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023ж. наурыз.

<sup>49</sup> Қазмұнайгаз. (2021) 2022-2031 жж. арналған төмен көміртекті даму бағдарламасы. Мына дереккөзден жүктелді: <https://www.kmg.kz/ru/sustainable-development/low-carbon-development-program/>

кәдеге жарату мен сақтауды жақсартуға, шығарындылар мен ағып кетуді басқаруға және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған бірлескен іс-қимылдарға қатысты келісімге келді.<sup>50</sup>

Көмір өндіретін компаниялар сонымен қатар декарбонизацияның болашағын технологиялық прогрестен және көміртегі отынын өндіру мен пайдаланудың экологиялық таза технологияларына көшуден көреді. Мысалы, «Богатырь Көмір» көмір өндірудің мүмкіндіктерін көмірді жақпай өндіру арқылы қарастырады, көмірді отын ұнтағына өңдеу және экологиялық таза отын алу үшін мұнай өнімдерімен одан әрі араластыру бойынша зерттеулер жүргізілуде. Мысалы, мұнда сарапшылар көмірсутек ресурстарын өндіру технологияларын жақсарту үшін мемлекеттік қолдау мен қаржыландыруды бөлудің ерекше маңыздылығын атап өтеді: «Мен әрқашан көмір жеткілікті болуы мүмкін, бірақ технология қашан да жеткіліксіз деймін. Технология көп ақшаны талап етеді, жерді қазып, қойып қоятындай, технология жерге көмілмеген».<sup>51</sup>

Өңірлік деңгейде декарбонизация стратегиясын ойдағыдай жүзеге асыру үшін халықтың барлық топтары үшін көшудің әлеуметтік әділ болуын қарастыру өте маңызды. Сарапшылардың пікірінше, декарбонизацияға көшу біртіндеп жүруі керек және адамдарға таңдау берілуі тиіс: біреу басқа өңірлердегі өндіруші кәсіпорындарда жұмыс істеуді жалғастырғысы келуі мүмкін, біреу ақшалай өтемақы алуы мүмкін, ал біреу қалада қалып, өз бизнесін бастауы мүмкін: « ( ... ) Арқалықта боксит өндірісі жабылғаннан кейін жабдықтар, ғимарат қолдарында қалған бұрынғы жұмысшылар ЖК немесе ЖШС құрып, жөндеу жұмыстарына тапсырыс ала бастады».<sup>52</sup>

<sup>50</sup> Гринштейн Э. (8 маусым 2022) «Шеврон» және «ҚазМұнайГаз» көміртегі шығарындыларын азайту саласындағы әлеуетті мүмкіндіктерді зерттеу үшін ынтымақтастық туралы жариялады. Inbusiness жаңалықтары. Мына дереккөзден жүктелді: <https://inbusiness.kz/ru/news/shevron-i-kazmunajgaz-obyavili-o-sotrudnichestve-dlya-izucheniya-potencialnyh-vozmozhnostej-v-oblasti-snizheniya-vybrosov-ugleroda>

<sup>51</sup> Декарбонизациямен айналысатын ұлттық басқару деңгейінің өкілімен сұхбат, 2023ж. наурыз.

<sup>52</sup> Үкіметтік емес ұйымның талдаушысымен сұхбат, 2023 ж. сәуір.



## ТАҢДАЛҒАН НҰСҚАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Күтілетін оң және ықтимал теріс экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдарларға салыстырмалы талдаудан кейін (1-қосымша, 2-кесте), ең оңтайлы нұсқа ретінде үшінші сценарий ұсынылады. Егер өндіруші өңірлер мен қалалар осы процеске белсенді және тікелей қатысса, көміртек бейтараптығына қол жеткізу мүмкін және қол жеткізуге болады. Мұның бәрі мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы диалогтан басталады. Ұлттық үкімет тарапынан өндіруші қалалар мен өңірлер халқының өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ниет болған жағдайда, мақсатқа төменде көрсетілген тоғыз нақты қадамды жоспарлы түрде іске асыру арқылы қол жеткізуге болады.

1. Егер мемлекет көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу үшін қоғамның қолдауына ие болғысы келсе, онда әлеуметтік әділеттікпен жүзеге асатын стратегияға бағытталған өңірлік саясатты әзірлеу бойынша билік, бизнес және халықты салааралық және деңгейаралық диалогқа тарту мен хабардар болуды жақсарту үшін елдік ақпараттық науқан жүргізуі қажет.

**1-қадам:** мемлекеттік қызметкерлер мен климаттың өзгеруі әсерінің салдарларына, климаттың өзгеруіне бейімделу және оның теріс әсерін азайту шараларына, тұрақты өңірлік инфрақұрылымды құруға<sup>53</sup> және жасыл энергетикаға көшуге<sup>54</sup> қатысты саясатты қалыптастырумен және

<sup>53</sup> Орталық Азия университеті бірлесіп, Экономикалық Ынтымақтастық және Даму ұйымының (ЭЫДҰ) басшылығымен халықаралық серіктестермен Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстаннан келген мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттырумен айналысады: [www.sipa-centralasia.org](http://www.sipa-centralasia.org)

<sup>54</sup> Мысалы, Қазақстан-Германия университеті (DKU) әзірлеген «Таза энергияға көшу» дайын курсының материалдарын Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарымен бірлесіп бейімдеуге болады: <https://crs.dku.kz/ru/osnovnye-napravleniya/programma-po-zelenoj-energetike-i-klimatu/kurs-po-perehodu-k-chistoj-energii/>

бекітумен айналысатын және оларға қатысты шешім қабылдайтын тұлғаларға білім беруді бастау. Мемлекеттік қызметкерлер мен саяси көшбасшылар «әлеуметтік әділеттілікке»<sup>55</sup> қол жеткізудің және халықты олардың өміріне тікелей теріс әсер етуі мүмкін кезеңдік декарбонизация жоспарларына тартудың маңыздылығын түсініп, қабылдауы тиіс. Өңірлік дамудың, энергетиканың және басқа да салалардың стратегиялық жоспарларының синергиясына қол жеткізу үшін салааралық ынтымақтастық дағдыларын дамыту маңызды болып табылады.<sup>56</sup>


**2-қадам:** өндіруші компаниялар мен басқа салалардың өкілдерімен тығыз және көлденең диалогты бастау. Мысалы, ауыл шаруашылығы өкілдерімен ынтымақтастық және олардың инновациялық технологияларды пайдалана отырып, декарбонизацияға көшу туралы көзқарасын енгізу. Өндіруші өнеркәсіпті экологияландыруға және жасыл технологияларға біртіндеп көшуге қатысты бірлескен көзқарасқа келу. Сарапшылар ғылым мен мамандандырылған ауыл шаруашылығын дамыту арқылы көміртекті сіңіру тиімді полигондарын құруда жаңа технологияларды пайдалану мүмкіндігінің әлеуетін атап көрсетеді.<sup>57</sup>

**3-қадам:** университеттер мен зерттеу ұйымдарын белсенді халықаралық ынтымақтастық пен өндіруші өнеркәсіпті экологияландыру және жергілікті халықтың, әсіресе, жас ұрпақ пен әйелдерді, біліктілігін арттыру процесіне қатыстыру үшін қаржылық қолдау көрсете отырып, тарту. Қазірдің өзінде мемлекетке жасыл энергияға қолайлы көшу үшін өндіруші қалалардың халқын, әсіресе экономиканың жалақысы төмен және бейресми секторларына тартылған әйелдерді даярлауды және қайта даярлауды

<sup>55</sup> Мұнда біз АҚШ ғалымдары енгізген терминге және оның Канададағы әріптестері ұсынған түсіндірмесіне сілтеме жасаймыз: «Әлеуметтік әділеттілік өнеркәсіптік және басқа экономикалық қызметтің жұмысшыларға, жергілікті қауымдастықтарға және жалпы қоғамға зиянды әсерін азайтуға және олардың әлеуетті пайдасын барынша арттыруға бағытталған саяси әрекеттерді қамтиды»: Krawchenko, T., Gordon, M. (2022). Just transitions for oil and gas regions and the role of regional development policies, *Energies*, Special Issue: Challenges and Research Trends of Energy Transition in Fuel-Dependent Regions, 15(13), 4834, (1-бет.)

<sup>56</sup> Біздің ұсыныстарымыз сарапшылардың пікірлерімен расталады – ұлттық үкімет пен халықаралық консалтингтік агенттік өкілдерімен сұхбат, наурыз-мамыр 2023.

<sup>57</sup> Біздің ұсыныстарымыз сарапшылардың пікірлерімен расталады – ұлттық үкімет өкілдерімен сұхбат, наурыз-сәуір 2023.



бастау ұсынылады<sup>58</sup>. Өндіруші қалалар мен өңірлерге мықты кәсіпкерлер, инженерлер, бағдарламашылар, ғалымдар, экологтар, сарапшылар және жасыл экономика мен қаржыны дамыту жөніндегі талдаушылар қажет.

2. Егер мемлекет мықты өңірлер мен қалаларды дамытқысы келсе, онда елге айқын жасалған әкімшілік, фискалдық және саяси орталықсыздандыру стратегиясы қажет. Бұл процесс жергілікті биліктің рөлін және олардың өз халқы алдындағы тікелей жауапкершілігі мен есеп беруін күшейтуді де, сондай-ақ ұлттық, аймақтық және жергілікті басқару деңгейлері арасындағы тиімді өзара іс-қимылға жол бермейтін қақтығыстар мен кемшіліктерді жою үшін заңнаманы жетілдіруді де қамтиды:

**4-қадам:** өңірлік және қалалық билік жергілікті ресурстарды тиімді пайдалануға және жергілікті бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүдделі болуы үшін институционалдық жағдайлар жасау. Жергілікті ресурстарға қатысты шешімдер қабылдау және жергілікті бюджеттерді толықтыру мен бизнесті дамытуды ынталандыру үшін бірегей жергілікті әлеуетті пайдаланудан қаржылық пайда алу үшін әкімшілік және фискалдық еркіндіктің қажетті деңгейін ұсыну.<sup>59</sup>

**5-қадам:** жергілікті биліктің, өндіруші кәсіпорындардың және халықтың бірлескен болашақты іздеуге және құруға белсенді қатысуын ынталандыру. Ұлттық қорлардың қаржысын орталықсыздандыру және өндіруші қалаларда жергілікті ұзақ мерзімді даму қорларын құру. Минералды шикізатқа тәуелділіктен біртіндеп кету үшін баламалы даму сценарийлерін іске асыруға мүмкіндік беретін жергілікті стратегиялық жоспарлау және жергілікті инновациялық жобаларды іске асыру бастамаларын қолдау.<sup>60</sup>

<sup>58</sup> Біздің ұсыныстарымыз сарапшылардың пікірлерімен расталады – ұлттық үкімет және үкіметтік емес ұйым өкілдерімен сұхбат, наурыз-сәуір 2023.

<sup>59</sup> Біздің ұсыныстарымыз сарапшылардың пікірлерімен расталады – ұлттық үкімет өкілдерімен сұхбат, 2023ж. наурыз-сәуір 2023.

<sup>60</sup> Біздің ұсыныстарымыз сарапшылардың пікірлерімен расталады – ұлттық үкімет және үкіметтік емес ұйым өкілдерімен сұхбат, наурыз-сәуір 2023.

**6-қадам:** мемлекеттік және жеке қаржыландыру саласындағы – бюджеттеу, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, инвестициялау, кредиттер мен гранттар бөлу саласындағы заңнаманы талдау мен жақсарту және олардың орындалуын бақылау. Жаңа инвестициялық тетіктер мен жасыл қаржыландыруды дамыту үшін қолайлы және жайлы заңнамалық жағдайлар жасау. Мысалы, сарапшылар ұсынғандай, АҚШ-тағы сияқты қалаларды конкурстық қаржыландыруды ұйымдастыруға болады. Онда өндіруші қалалардың экономикасын әртараптандыру үшін (Comprehensive Economic Development Strategy) дамудың кешенді экономикалық стратегияларын жасау әдістемесі әзірленді, оны олар қолдана алады және қала стратегиясын сәтті қорғаған кезде оны дамытуға миллион долларға дейін алады. Бұл ретте стратегияны жасау кезінде жергілікті қоғамдастықтар, бизнес және халықтың басқа да топтары тартылуы тиіс.

3. Егер мемлекет халықтың әл-ауқатын жақсартқысы келсе және әлеуметтік кернеуді азайтқысы әлсіреткісі келсе, онда «әлеуметтік әділеттілікке» қол жеткізуді және «халықты тартуды» төмен көмірсутекті дамуға көшудің негізгі критерийі етуі тиіс:


**7-қадам:** жергілікті жерлерде көмірсутек энергетикасы саласын тікелей субсидиялау саясатынан біртіндеп кетіп бас тарту, мысалы, баламалы энергетиканы орталықсыздандыру және халықтың таза әрі арзан энергияға қолжетімділігін ұлғайту сияқты мүмкіндіктерді дамытуға біртіндеп көшу. Жергілікті тарифтеудің, коммуналдық қызметтерге ақы жинаудың және оларды жергілікті жерлерде энергетикалық инфрақұрылымды дамыту мен қолдауға қайта инвестициялаудың тұрақты және ашық жүйесін құруды бастау. «Әлеуметтік әділеттілік» әрбір жеке жағдайды мұқият зерттеуден және бірінші кезекте халықтың өзіне мүмкіндіктер мен таңдау беру негізінде жеке, атаулы қолдаудан тұруы тиіс.<sup>61</sup>

<sup>61</sup> Біздің ұсыныстарымыз сарапшылардың пікірлерімен расталады – ұлттық үкімет және үкіметтік емес ұйым өкілдерімен сұхбат, наурыз-сәуір 2023.



**8-қадам:** өңірлік және қалалық дамуды жоспарлаумен және басқарумен айналысатын мемлекеттік қызметкершілердің біліктілігін арттыру процесін бастау. Оларға жергілікті бизнеспен көлденең диалог орнатуды және қаланы дамытуды жоспарлау мен басқару процесіне халықтың әртүрлі санаттарын тиімді тартуды үйрету.

**9-қадам:** жергілікті инфрақұрылымды құру, жергілікті тұрғындарды/жергілікті қоғамдастықтарды оқытуды бастау және өз қалаларының болашақ дамуын жоспарлауға белсенді тарту. Мұнда адамдар жиналып, өздері және қалалары үшін маңызды іс-шараларды бірлесіп талқылап, өткізе алатын көпфункционалды қауымдастық орталықтарын құру шешуші рөл атқара алады.






# 1-ҚОСЫМША

## 1-кесте. Сараптамалық сұхбатқа қатысушылар

№	Сарапшы және оның қызмет аясы	Аффилиация	Жынысы	Сұхбат алған күн	Тұрғылықты қаласы және елі
1	Декарбонизация стратегиясының талдаушысы және әзірлеушісі	Ұлттық басқару деңгейіндегі мемлекеттік қызметші	Ер	Наурыз 2023 (Zoom)	Астана, Қазақстан
2	Қаланың дамуын зерттеуші	Ұлттық басқару деңгейіндегі мемлекеттік қызметші	Әйел	Наурыз 2023 (Zoom)	Алматы, Қазақстан
3	Өңірлік саясатты талдаушы және әзірлеуші	Ұлттық басқару деңгейіндегі мемлекеттік қызметші	Ер	Сәуір 2023 (Zoom)	Астана, Қазақстан
4	Өңірлік дамуды талдаушы және әзірлеуші	Ұлттық басқару деңгейіндегі мемлекеттік қызметші	Ер	Сәуір 2023 (Zoom)	Астана, Қазақстан
5	Қалалық және өңірлік даму талдаушысы	Үкіметтік емес ұйымның басшысы	Ер	Сәуір 2023 (Zoom)	Астана, Қазақстан
6	Энергетикалық модельдеу жөніндегі талдаушы	Халықаралық консалтингтік агенттіктің қызметкері	Әйел	Мамыр 2023 (Zoom)	Монреаль, Канада



**2-кесте. Даму нұсқаларын салыстыру және олардың өңірлік дамуға тигізетін әсері**

Даму нұсқалары	Мыналарға күтілетін оң және теріс әсер:		
	Экономикаға	Әлеуметтік дамуға	Қоршаған ортаға
Нөлдік сценарий: декарбонизация стратегиясы іске асырылмайды	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндіруші өңірлерде экономикалық өсу қарқынының сақталуы</li> <li>• Тар шеңбердегі салалық даму және өндіруші кәсіпорындарға тәуелділіктің сақталуы</li> <li>• Өңірлік теңсіздіктің өсуі жалғасады</li> <li>• Экономиканың бейресми секторының өсуі жалғасады</li> <li>• Жеке бизнес болмашы ғана өседі</li> <li>• Экономикалық әртараптандыру төмен деңгейде сақталады</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оңтайландыру және цифрландыру салдары ретінде өндіруші өнеркәсіп саласында жұмыспен қамтудың болмашы төмендеуі</li> <li>• Өндіруші және шағын қалаларда кедейшіліктің өсуінің жалғасуы</li> <li>• Коммуналдық және тұрғын үй инфрақұрылымының тез тозуы және техногендік авариялар мен апаттардың қайталану мүмкіндігі</li> <li>• Шағын қалалардан халықтың кетуі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндіруші қалалар мен өңірлердегі экологияның нашарлауы</li> <li>• Минералды ресурстардың сарқылуы және қайтымсыз геологиялық процестер</li> <li>• Халықтың денсаулығының нашарлауы</li> <li>• Климаттың өзгеруінен болатын жағымсыз әсерлердің күшеюі, ауыз судың жетіспеушілігі, ұзақ уақыт құрғақшылықтың, шаңды дауылдардың орын алуы және топырақтың тұздануы</li> </ul>

Даму нұсқалары	Мыналарға күтілетін оң және теріс әсер:		
	Экономикаға	Әлеуметтік дамуға	Қоршаған ортаға
<b>Экстремалды сценарий: декарбонизация стратегиясы белсенді түрде іске асырылады</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Банкроттық пен кәсіпорындардың жабылуы салдарынан өндіруші қалалар мен өңірлердегі экономикалық дағдарыс</li> <li>• Ел өңірлері арасындағы даму алшақтығының күрт өсуі</li> <li>• Болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстар қорын сақтау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмыссыздық пен кедейшіліктің күрт өсуі</li> <li>• Бұрынғы өндіруші өңірлерден ірі қалаларға жаппай көшу</li> <li>• Газға қол жеткізуге қаржылай төлем жасай алмауына байланысты энергетикалық кедейлік</li> <li>• Әлеуметтік шиеленістің экстремалды өсуі, халықтың наразылықтары</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндіру мен шығарындылардың төмендеуіне байланысты қоршаған ортаның ішінара жақсаруы</li> <li>• Табиғи ортаның баяу, бірақ біртіндеп қалпына келуі</li> <li>• Климаттың өзгеруінен болатын жағымсыз әсерлердің ішінара азаюы</li> </ul>
<b>Рационалды сценарий: декарбонизация стратегиясы өңірлік саясатты күшейту арқылы іске асырылады</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өндіруші кәсіпорындардың жасыл экономика секторына көшуі</li> <li>• Ғылымды қажетсінетін және инновациялық жобаларды дамытуды ынталандыру арқылы экономиканы әртараптандыру</li> <li>• Бизнес-климатты жақсарту және жергілікті бизнес пен стартаптарды қаржылық қолдау</li> <li>• Болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстардың қорын сақтау</li> <li>• Өңірлердің дамуындағы бірте-бірте теңесу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Табыс деңгейін көтеру немесе бизнес құру үшін халықтың біліктілігінің артуы</li> <li>• Халықтың әл-ауқатының артуы және кедейшілік деңгейінің төмендеуі</li> <li>• Жастардың кетуінің азаюы</li> <li>• Диалог арқылы әлеуметтік шиеленістің төмендеуі және халықты дамуды жоспарлауға тарту</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоршаған ортаның айтарлықтай жақсаруы</li> <li>• Халықтың денсаулығының жақсаруы</li> <li>• Экожүйелік тәсілді қолдану, өндіруші кәсіпорындардың аумақтарын рекультивациялау, аграрлық тазарту және көгалдандыру жағдайында климаттың өзгеруінен болатын теріс әсердің азаюы</li> </ul>

